

Халықтық жастық-жыныстық құрылымы

- **Әйелдер мен ерлердің қатынасы**
- **Жастық құрылымы**
- **Жастық-жыныстық пирамида**

Ерлер мен әйелдердің қатынасы

Қазақстанда әйел адамдардың саны басым— 54%

Дүние жүзі бойынша ер адамдардың саны басым— 52%

Ер адамдар саны өте көп мемлекеттер:

Қытай 31 млн ер адам басым


Үндістан 24 млн ер адам басым

Пакистан 4,5 млн ер адам басым

Әйел мен ер адам арасындағы қатынас өзгерістерінің себептері:

1. Қыздарға қарағанда ұлдар 5-6% көп туылады
2. Өмір сүру ұзақтығындағы айырмашылық
3. Соғыс
4. Ер және әйел адамдардың жұмыс күшін анықтайтын экономикалық даму сатысы
5. Миграция (Кувейт – 58% ер адамдар)

Жыныстық құрамы



Жастық құрамы

1. Жастары бойынша:

- 0-16 жас – балалар
- 16-50 жас– орта жас
- 50 жастан жоғары – үлкендер

2. Жұмысқа қабілеттілігіне байланысты:

- Бала еңбегі
- Еңбек жасы
- Зейнеткерлер

Еңбек ресурстары – еңбек етуге қабілетті халықтың бір бөлігі

Экономикалық белсенді халық – жұмыс істейтін және жұмыс іздейтін халықтың бір бөлігі

Еңбек ресурстары саны жағынан алдыңғы қатардағы елдер: Қытай, Үндістан, АҚШ, Индонезия, Бразилия, Пакистан, Бангладеш, Ресей, Нигерия, Жапония

Еңбекке қабілетті халық

Еңбекке қабілеттілік әр елде әртүрлі:

Мексика, Португалия – 12 жастан

Канада, Ұлыбритания – 15 жастан

АҚШ – 16 жастан

Қазақстан – 18 жастан

Жастық-жыныстық құрам

мемлекет	Зейнетке шығу жасы		Өмір ұзақтығы	
	ерлер	әйел	ерлер	әйел
Дания	67	67	72	78
Италия	62	57	75	81
Греция	65	60	75	80
Франция	60	60	74	82
Жапония	65	65	77	83
АҚШ	65	65	74	80
Қазақстан	63	58	65	70

Еңбекке қабілеттілік көрсеткіші, %

Елдер	Балалар еңбегі	Еңбек күші	Зейнет жасындағы еңбек етушілер
Дамыған	23	62	15
Дамушы	43	51	6
Қазақстан	23	57	20

Еңбек күшінің аз болуының себептері:

- 1. Мамандардың еңбекақысының аз төленуі немесе мүлдем төленбеуі.
- 2. Мамандық туралы бұрыс пікір.
- 3. Мамандыққа ынталылықтың болмағандығы.
- 4. Елдегі халық санының төмен болуы.
- 5. Мемлекет ішіндегі жағдай.


Жұмыс күшінің аз болуы нәтижесінде туындайтын мәселелер:



- 1. Экономикалық құлдырау.
- 2. Еңбекпен қамтудың өсуі.
- 3. Жылжымайтын мүлік базарында белсенділік төмендеуі.
- 4. Қызметақының өсуі.
- 5. Еңбек базарына ерте шығу.
- 6. Еңбек базарынан кеш шығу.
- 7. Сыртқы еңбек базарынан қысымның артуы.



Халықтың жастық құрамы



Жастық құрамы бойынша көрсеткіштер


Қарт адамдардың ең көп саны Швецияда – 25%

Бала саны жөнінен ең көп мемлекет Йемен – 52%

Қарт адамдардың ең саны аз көрсеткіші Кувейт,
БАӘ – 2%

Бала саны аз болатын мемлекеттер ГФР, Италия –
16%

Жастық құрамның белгіленуі



А

Б

В

А – табиғи өсу жоғары

Б – тепе-теңдік

В – табиғи өсу аз